



@ILE_AKIMAT
@ILE_TANY



№14 (5176)

Алматы және Жетісу облыстық
қоғамдық-саяси апталық

3

сәуір (жұма)
апреля (пятница)

2026

жыл
год

Алматинская-Жетісуская областная
общественно-политический еженедельник

Іле ауданының Өтеген батыр ауылында көрнекті композитор, күйші, дирижер, домбырашы әрі педагог Нұрғиса Тілендиевтің ескерткішіне гүл қою рәсімі өтті. Ұлт руханиятына өшпес із қалдырған өнер иесінің рухына тағзым етуге арналған бұл тағылым-

айрықша орнын атап өтті. – Нұрғиса Тілендиев – бүкіл елге танымал есім. Оның шығармалары халықтың жүрегінде мәңгі сақталып, музыкалық мұрасы ұлттың баға жетпес рухани қазынасына айналды. Біз осындай ұлы тұлғалардың мұрасын дәріптеу

2026 жылғы 31 наурызда Алматы облысы Іле ауданында халықты жұмыспен қамтуға бағытталған маңызды іс-шара – «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі өтті. Аталған жәрмеңке Іле ауданы әкімшілігінің ұйытқы болуымен, аудандық прокуратура, пробация қызметі, Алматы облысы еңбек мобильділігі орталығының Іле ауданы бойынша мансап орталығы, жастар ресурстық орталығы және жұмыс тобына кіретін өзге де мекемелердің қатысуымен ұйымдастырылды. Бұл – өңірдегі еңбек нарығын жандандырып, жұмыссыз азаматтарға нақты мүмкіндік ұсынған ауқымды алаң болды.

Жәрмеңкенің негізгі мақсаты – тұрғындарды тұрақты жұмыс орында-

әлеуметтік маңызын айқындай түсетін көрсеткіш.

Жәрмеңке барысында жұмыс іздеушілер түрлі жұмыс берушілер ұсынған бос жұмыс орындарымен танысып, түйіндеме-лерін жолдап, жұмыс берушілермен тікелей бастапқы сұхбаттардан өтті. Мұндай формат қатысушыларға уақыт жоғалтпай, нақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін қарастыруға жол ашты. Сонымен қатар, мансап орталығының мамандары тарапынан жұмысқа орналасу, мансаптық өсу және еңбек нарығындағы сұранысқа ие бағыттар бойынша кәсіби кеңестер берілді. Бұл кеңестер азаматтардың еңбек нарығында өз орнын табуына септігін тигізді.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖОЛ АШҚАН ЖӘРМЕҢКЕ



рына орналастыру, жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тарту, кәсіби бағыт-бағдар беру және кеңес ұсыну болды. Сонымен қатар, пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтардың еңбекке араласуына жағдай жасау, олардың жұмысқа деген сұранысын арттыру, жұмыс берушілер үшін лайықты үміткерлерді іріктеу үдерісін жеңілдету де басты назарда болды. Бұл бастама – әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсетудің нақты көрінісі.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне білім беру, денсаулық сақтау, сауда, өндіріс және қызмет көрсету салаларынан 50-ден астам жұмыс беруші қатысып, 400-ден астам бос жұмыс орнын ұсынды. Ұсынылған жұмыс орындарының ауқымы кең болып, әртүрлі мамандық иелеріне мүмкіндік берді. Бұл – жұмыс іздеушілер үшін өз біліктілігіне сай қызмет табуға жасалған тиімді жағдай.

Іс-шараға барлығы 200-ге жуық жұмыссыз азамат қатысты. Олардың қатарында жұмыссыз тұрғындармен қатар, пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар, NEET санатына жататын жастар, сондай-ақ алимент бойынша берешегі бар азаматтар болды. Бұл – жәрмеңкенің

Аталған іс-шара тек жұмысқа орналастырумен шектелмей, азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға да ықпал етті. Нақты айтқанда, жұмысқа орналасу арқылы олардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, қарыз жүктемесін азайтуға және қоғамның экономикалық өміріне белсенді араласуына мүмкіндік берілді. Бұл – жәрмеңкенің стратегиялық маңызын айқындайтын негізгі нәтижелердің бірі.

Сонымен қатар, жәрмеңке барысында қайтарымсыз мемлекеттік грант иегерлері де белсенділік танытты. Олар өздерінің жаңа бизнес-идеяларын таныстырып, өндірген өнімдерін көпшілік назарына ұсынды. Бұл өз кезегінде кәсіпкерлікті дамытуға, шағын бизнесті қолдауға және жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал ететін маңызды қадам екені сөзсіз.

Жалпы, Іле ауданында өткен «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі – халықты жұмыспен қамту саласындағы тиімді тетіктердің бірі ретінде өз нәтижесін көрсетті. Мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, өңір экономикасының дамуына серпін беретіні анық.



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҮНІН ҰЛЫҚТАҒАН ТҰЛҒА

ды шара ерекше әсерге толы болды. Ескерткіш түбінде оның әйгілі шығармалары орындалып, сол әуендерден кең даланың тынысы сезілгендей әсер қалдырды. Күй мен әуенге тұнған сәттер көпшіліктің жүрегін тербеп, жиналған жұртты рухани әлеммен қайта қауыштырғандай болды.

Тағылымды шара өнер шеберінің туғанына 101 жыл толуына арналды. Нұрғиса Тілендиев 1925 жылдың 1 сәуірінде Алматы облысы Іле ауданының Шилікемер ауылында дүниеге келген. Ол – қазақ музыка өнерінің көкжиегін кеңейткен бірегей тұлға, виртуоз орындаушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы, «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрінің негізін қалаушы, Ұлы Отан соғысының қатысушысы. Оның шығармашылығы – ұлттық өнердің алтын қорына енген баға жетпес мұра. Артында қалған мол мұрасы бүгінгі күні де өз үнін жоғалтпай, халық жүрегінен берік орын алып келеді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бұл мұра – қазақтың рухани кодының ажырамас бөлігі.

Композитордың рухына тағзым етуге аудан басшылығы, мәдениет саласының өкілдері, зиялы қауым, ауыл тұрғындары мен оның шығармашылығын құрметтейтін жандар жиналды. Жиналған қауым үшін бұл – тек еске алу шарасы ғана емес, ұлттық өнердің құндылығын тағы бір мәрте терең сезінудің, халық жадында сақталған әуендер арқылы рухани әлеммен қайта қауышудың ерекше мүмкіндігі болды. Әсіресе, жастар үшін мұндай тағылымды кездесулердің мәні зор екені анық байқалды.

Өз сөзінде Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетов композитор тұлғасының ұлттық мәдениеттегі

арқылы жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіреміз, – деді ол. Сонымен қатар, ол мұндай шаралардың тәрбиелік мәніне де ерекше тоқталып өтті.

Айта кету керек, өткен жылы композитордың 100 жылдық мерейтойы аясында ауданда бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, Мәдениет үйіне оның есімі беріліп, еңселі ескерткіш орнатылды және «Саз Нұрғиса» атты жас домбырашылар ансамблі құрылды. Бұл бастамалар – ұлы өнер иесінің есімін ұлықтап қана қоймай, оның шығармашылық мұрасын кейінгі буынға кеңінен насихаттауға бағытталған игі қадамдар.

Рәсім барысында қатысушылар ескерткішке гүл шоқтарын қойып, өнер иесінің рухына бір минут үнсіздікпен тағзым етті. Бұл үнсіздік – құрметтің, тағзымның және мәңгілік естеліктің белгісіндей әсер қалдырды. Ресми бөлімнің қорытындысы ретінде оның ең танымал әндерінің бірі – «Құстар әні» орындалды. Сағыныш пен жылылыққа толы бұл әуен өткен мен бүгінді жалғап, тыңдарман жүрегіне ерекше әсер сыйлады. Әуен арқылы уақыт пен кеңістіктің шекарасы жойылып, ұлы тұлғаның рухы бүгінгі күнмен үндескендей болды.

Шара әрі қарай композитор мұрасын насихаттауға бағытталған мазмұнды мәдени бағдарламамен жалғасты. Онда өнерпаздар оның күйлері мен әндерін орындап, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Бұл кеш ұлы даланың үнін әлемге жеткізген дара тұлғаның рухына көрсетілген шынайы құрметтің көрінісі болды.

Б. ШОЙБАС

Қ. ҚОЙТАН